

## САХНА САҢЛАҒЫМЕН КЕЗДЕСУ



**A**кадемияның акті за-лында қазан айының 11 жүлдөзү күні М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі және бас директоры, мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұңғышбай Қадырұлы Жаманқұловпен шығармашылық кездесу өткізді.

Академияның ректоры М.С.Нәріқбаев бастаған өнер

саңлағының сахнаға көтерілуін жиналған қауым қызу қол шапалақтап қарсы алды. Теледидарда, кинода, театр сахнасында сан-алуан кейіпкерлердің бейнелерін сомдаған, соңғы жылдары режиссура саласындағы өнермен танымал бола бастаған Тұңғышбай Жаманқұловты елімізде білмейтін жан кемде кем болар. Халық сүйген әртістің өнердегі алатын орны

болсын, жеке басының өмірі болсын көрерменді қызықтырары һәк. М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының хал-жай мен театр труппасының бүгінгі тыныстыршілігі, өзінің орындаған рольдері мен қойған спектакльдері жайында және өмір жөлін қазақ-орыс тілдерінде еркін сейлеп, аскан шешендікпен, қызықты да тартымды әңгімелегенін жи-

налған жүрт зейін қоя, сүйсініп тында-дады.

Т. Жаманқұловтың режис-сурасымен қойылған ТОМИ-РИС спектаклін көруге академия ұжымы болып тамашалау үйінде болды. Тұңғышбайдың күйшілік, өншілік өнерін жоғары бағалайтын қауым ол кісінің орындаудында ән тындағы. Қонағы мәзірдің күрметінен арнап академияның күміс көмей

әншілері бірнеше ән айтып берді.

Кездесуді аяқтай келе, академия ректоры М.С.Нәріқбаев жеке өзінің атынан және академия ұжымы атынан Т.Жаманқұловқа ризашылық алғысын білдіріп, естелік ретінде академия эмблемасы басылған сувенир сағатты сыйға тартты.

Мәдениетті қолдау жыллына орай сот-прокурорлық



факультеттің деканы Жұмахан Өтенов мырзаның үйимдастырыған кеші келешекте өзге факультеттер тарапынан қолдау тауып, өнер жүлдyzдарымен кездесу заңды жалғасын табады деген ойдамыз.

**Тәрбие белгімінің бастығы Амангелді Мұқан**